



Тауар таңбаларын қалай тіркеуге болады?

Әбілқайыров Н. А.,

«ҰЗМИ» РМК Директорының орынбасары



Казиева А.А.,

«ҰЗМИ» РМК тауар таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атауларын сараптау басқармасының бас сарапшысы



Азбука интеллектуальной
собственности

Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары Қазақстан Республикасының «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілері ретінде қорғалады.

Заңның 1-бабының 8-тармағына сәйкес, тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы (бұдан әрі – тауар таңбасы) – бұл осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттар күшінде тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (қызметтерін) басқа заңды тұлғаның біртектес тауарларынан (қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі.

Тауар таңбасына (қызмет көрсету таңбасына) куәлік тауар

таңбасы иесінің оны пайдалануға және иелік етуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасы аймағында басқа тұлғалармен бірдей нарық шеңберінде құқық иесінің келісімінсіз оны пайдалануына тыйым салуға айрықша құқығын куәландыратын құжат болып табылады. Куәлік – тіркеу фактісін, тауар таңбасының басымдығын, онда көрсетілген тауарлар және қызметтер қатынасында тауар таңбасына айрықша құқықты растайды. Құқықтық қорғау көлемі қатынасында тауар таңбасы тіркелген, сонымен бірге қорғау біртектес тауарлар және қызметтер шеңберінде де таралатын, тауарлар және/немесе қызметтердің тізбесімен айқындалады.

Біртектес өнім өндірушілерді жекешелендіру құралы ретінде

3102/1



тауар таңбасын тіркеу үшін белгілерді таңдау кезінде барлық белгілер тауар таңбасы ретінде тіркелуі мүмкін емес екенін ескеру қажет. Тауар таңбасын тіркеудің жүргізілмеуінің бірқатар себептері бар. Шартты түрде оларды үш топқа бөлуге болады:

- түсіндірмелік сипатқа ие, түрлі өндірушілердің біртектес тауарларын ажырату мүмкіндігі жоқ белгілер;

- жалған немесе жаңылуға әкелуге қабілетті болып табылатын, сонымен қатар қоғамдық қызығушылық, адамгершілік пен ізгілік принциптерін бұзатын белгілер;

- тіркелуі үшінші тұлғаның құқығын бұзуға әкелуі мүмкін белгілер.

Бірінші және екінші топтардың тауар таңбаларын тіркеуден бас тартудың себептері олардың айқындығына байланысты басымдылықтар негіздерінің санатына жатқызылған және Заңның 6-бабында көрсетілген. Осыған сәйкес, айырмашылық қабілеті жоқ, яғни біртектес өнімді өндірушіні жекешелендіру үшін қызмет етпейтін белгілерден ғана құралған таңбалар тіркеуге жатпайды.

Заң, егер олар онда басымдық жағдайға ие болмаса, қорғалмайтын элементтер ретінде тауар таңбасында сәйкес белгілерді пайдалануға рұқсат етеді.

Тауар таңбасының құрамына ешқандай жағдайда да жатпауы мүмкін бір топ белгілер бар. Мұндай белгілерге жалған белгілер және тауарға немесе оның шығарушысына қатысты тұтынушыны жаңылыстыруға қабілетті белгілер жатады.

Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының

6bis-бабына және Заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік елтаңбаларды, тулар мен эмблемаларды, ресми бақылаулық, кепілдік және сынамалық таңбаларды, мөрлерді, олимпиадалық рәміздерді, наградаларды және басқа да айырым белгілерін, сондай-ақ араласып кеткен дәрежеге дейін оларға ұқсас белгілерді бейнелейтін белгілер тауар таңбалары ретінде тіркелмейді. Егер бұған тиісті құзыретті органның немесе олардың иесінің келісімі бар болса, мұндай белгілер қорғалмайтын элементтер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Тауар таңбаларын тіркеуден бас тартудың өзге де негіздері зияткерлік меншік объектілеріне жоғары құқықтың әсерімен қамтамасыз етіледі және Заңның 7-бабында келтірілген. Жоғары құқық ретінде зияткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларымен қарастырылған, неғұрлым ерте мерзімде атқарылған әрекетке туындаған құқықтар түсініледі.

Тіркеуде бірдей немесе бастапқымен араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас белгілер анықталған жағдайда және үшінші тұлғаның атына біртектес тауарлар және қызметтер қатынасында тіркелген немесе ертеректе тіркеуге ұсыныс білдірілген жағдайлар белгілі болса, таңбаны тіркеуден бас тартылады. Сондай-ақ, халықаралық келісім негізінде тіркеусіз қорғалатын тауар таңбаларымен бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас белгілер тіркелмейді. Мұндай санатқа таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне сәйкес ертерек қорғау құқығына



ие болған тауар таңбалары, сонымен қатар Париж конвенциясының 6bis-бабының негізінде қорғалатын жалпыға мәлім белгілер және Қазақстан Республикасында жалпыға мәлім сипатында тіркелген тауар таңбалары жатады.

Тауар шығарылған жерлердің атаулары, өндірістік үлгілер, авторлық құқық объектілері және т.б. бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас таңбаларды пайдалануға құқықты ертерек иеленгендер белгілі болған жағдайда таңбаны тіркеуден бас тартылады.

Тауар таңбаларын жасаушыларға ұсыныстар

Тауар таңбасының басты қызметтерінің бірі болып онымен белгіленген тауарларға немесе қызметтерге тұтынушылардың назарын аудару білу қабілеті табылады. Ұтымды жасалған және жақсы «жарнамаланған» тауар таңбасы осы белгімен таңбаланған, тауарлар немесе қызметтерге тұрақты сұранысты қамтамасыз ете отырып, тұтынушыда өніммен және оның өндірушісімен байланыс жасауға ықпал етеді.

Тауар таңбасын жасау кезінде оның шығарушылары тауар таңбасы, шын мәнінде, өндірушінің визит картасы екенін ұмытпауы керек, және ол егер оңай танылған, көркем және көлемін елеулі өзгерткен жағдайда да негізгі айрықша элементтерін жаңғыртатын болса жақсы.

Тауар таңбалары сөз, бейнелеу, көлем және аралас (бейнелеу, сөз және көлем элементтерінің жиынтығынан құралған) болуы мүмкін.

ҚР «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары

туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 1-тармағына сәйкес, сөз, бейнелеу, көлем және басқа да белгілер немесе олардың аралас үлгілері тауар таңбалары ретінде тіркелуі мүмкін.

Сөз белгілеріне сөздер, сөздік мәнге ие әріп тіркестері, сөз тіркестері, сөйлемдер, басқа тіл бірліктері, сонымен қатар олардың тіркестері жатады.

Бейнелеу белгілеріне жанды заттардың, бұйымдардың бейнелері, табиғи және өзге де нысандар, сонымен қатар түрлі пішіндегі фигуралар, сызық, дақ композициялары, жазықтықтағы фигуралар жатады.

Көлем белгілеріне үшөлшемді нысандар, фигуралар және сызықтардың, фигуралардың комбинациясы жатады.

Аралас белгілерге әр түрдегі элементтер: бейнелеу, сөз, көлем және т.б. элементтерінің жиынтығы жатады.

Басқа да белгілерге Заңның 5-бабының 1-тармағымен қарастырылған белгілер, мысалы дыбыстық, сәулелік және басқа да белгілер жатады.

Ұқсас тауарға немесе оның басқа да қасиетіне нұсқайтын бейнелеу тауар таңбалары жақсырақ есте қалады және жиірек әміршендеу келеді. Тауар белгісінің ажырату қасиетін бәсеңдететін қарапайым немесе жалпы жұртпен қабылданған тауар (қызмет) белгісін немесе оның бөлшегін тіркеуге жол берілмейді. Көркемөнер шығармалары немесе олардың фрагменттері тек олардың авторларының рұқсатымен ғана пайдаланылуы мүмкін.

Тауар таңбаларын жасаудағы жаңа үрдіске банктік қызметтерді жарнамалау үшін жадыда жақсы сақталатын анимациялық персонаждарды пайдалану неме-



се жарнамалық сипаттан басқа оқытушылық және патриоттық сипатқа да ие отан тарихынан алынған көркем сюжеттерді кондитерлік және шәй өнімдерінің қаптамаларында бейнелеуді жатқызуға болады.

Сөздік тауар белгілері бейнелеу тауар белгілерінен фонетикалық (олар дыбысталады) және жиі семантикалық (мәндік) аспектілерімен ерекшеленеді, сондықтан жақсырақ есте қалады және орындалады, фирмалық атауға байланыстырылып, бір өндірушінің тауар таңбалары сериясына негіз болуы мүмкін. Сөздік тауар таңбаларының басымдығы болып оларды радио немесе басқа да дыбыстық жарнамалар арқылы дыбыстандыру мүмкіндігінің бар болуы табылады. Сөз белгілері жеке сөздік немесе фантазиялық сөздер түрінде, сондай-ақ сөз тіркестері мен ұрандар түрінде берілуі мүмкін.

«МЕЗИМ ДЛЯ ЖЕЛУДКА НЕ-ЗАМЕНИМ» - жарнамалық ұраны емдік дәрі-дәрмектерден хабардар болуға көмектеседі. Сөздік тауар таңбалары үйреншікті шрифттік орындалуда да, біртума және қосымша айыру қасиетіне ие қылатын арнайы графикалық орындалуда да тіркеледі (№1 кескіндеме).



Baibarsoff

№1
кескіндеме

Біздің ойымызша, нан-тоқаш өнімдерін белгілеуге таңбаны таңдауда қалпақ және сапы элементтері бар, «бауырсақ» бейнесіндегі денесі бар ер адамның образында бейнеленген және сөздік бөлігінде осы образдың фамилиясымен белгіленуі ұтысты шыққан сияқты (№1 кескіндеме).

Жасанды сөздер, әдетте, жаңа заттарды, препараттарды, дәрі-дәрмектерді білдіру үшін қолданылады.

Тауар таңбасын жасап шығару кезінде қай санаттағы тұтынушыға арналған тауар екендігін, жеткілікті дәрежеде ықшамдығын, әрі айтуға ыңғайлылығын ескеру қажет. Ережеге сәйкес, бейнелеу және сөз элементтерімен белгіленген таңбалар әдетте, өзінің дұрыс есте сақталмауы себебінен әлсіз болып есептеледі.

Тауар таңбаларын жасауда технологиялық мүмкіндіктерді пайдалануды елеусіз қалдыруға болмайды, өйткені технологиялық құралдардан оның мәнерлілігі артады, яғни сатып алушыға әсері де күшейеді.

Қандай өнімдерге, қай түрде тауар таңбасын пайдалану керектігін білу үшін мынадай амалдар қолданылады:

- этикеткалар, затбелгілер, бу-маларды полиграфиялық әдіспен алынған баспа-таңбаларды алу жолымен жасайды;

- теріге, металл табақтарға, картонға және т.б. таңбаларды кескіндеуге бедерлеу пайдаланылады, нәтижесінде материалдың бетінде тауар таңбасының бедерлік бейнесі пайда болады;

- шыны, металл және ағаш бұйымдарға таңбаларды түсіруде химиялық өңдеу пайдаланылады;

- мата, тері, киіз және басқа да дайын өнімдерге таңбаларды түсіруде кестелеу пайдаланылады.

Бұл ұсыныстар нарықты ақпараттық тауар таңбаларының арқасында танымал болған отандық өндірушілердің жоғары сапалы тауарларымен толықтыру мақсатында берілген.



Тауар таңбасын тіркеуге өтінім жасауға дейінгі кезең

Тауар таңбасын тіркеуге өтінім жасауға дейінгі кезеңде өтінімді жасаудың мақсаттылығы жөнінде мәселе шешіледі. Бұл кезеңде шешілетін мәселелердің бірі болып тіркеуге ұсынылып отырған белгінің абсолюттік, әрі басқа да (салыстырмалы) негіздері бойынша қорғалу қабілетін анықтау табылады.

Тіркеуден бас тартудың салыстырмалы негіздерін бағалау мақсатында сұратылып отырған таңбаның күштілігін немесе әлсіздігін, оның «сәнділігін», жиі немесе сирек қолданылуын, кей элементтерді дискламациялау (қорғаудан шығару) мүмкіндігін нақты айқындай алатын тауар таңбалары қоры бойынша белгілерді алдын-ала іздеу жұмысы жүргізіледі.

Алдын-ала талдау жүргізу іздеу барысында табылған сәйкес белгілер таңбаны тіркеу туралы шешімді қабылдауда көмек беруі мүмкін. Белгілердің қорғау қабілетін бағалау кезінде талдау жүргізу мерзіміне әрекет етіп

тұрған тауар таңбалары немесе ертерек тіркеуге ұсынылған, сонымен бірге конвенциялық (келісімшарттық) немесе көрмеге қоюдағы басымдығына ие белгілер ғана ескеріледі.

Ескере кетер жайт, танымал және өзге де тауар таңбаларында қолданылып жүрген элементтерді құқық иеленушілерінің келісімінсіз тауар таңбасына қосу келеңсіз таласты жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Қазақстан Республикасының мәдени мұрасына жататын нысандардың бейнелерін таңбада пайдаланбас бұрын бұл таңбаның қорғалу қабілетіне талдау жасап, тиісті құзыретті органға тауар таңбасының құрамында бейнелеуге рұқсат алу үшін өтінім білдіру керек.

Осылайша, өтінім бергенге дейін белгінің түпнұсқалылығы және қорғау қабілеттілік деңгейі туралы ақпаратты алуға және оның құқықтық қорғалуының мүмкін тиімділігін болжауға болады.

Әдебиет

1 Парижская Конвенция по охране промышленной собственности от 20 марта 1883 года, пересмотренная 14 декабря 1900 г., 2 июня 1911 г., 6 ноября 1925 г., 2 июня 1934 г., 31 октября 1958 г. и 14 июля 1967 г. и измененная 2 октября 1979 г. // <http://www.wipo.int/treaties/ru/ip/paris/paris.html>

2 Закон Республики Казахстан «О товарных знаках, знаках обслуживания и наименованиях мест происхождения товаров» от 23.04.2010 года № 136 с изменениями и дополнениями от 12.01.2012 г. // http://kazpatent.kz/acts/law/trade_mark_law.html

3 Правила составления, оформления и рассмотрения заявки на товарный знак от 24 февраля 2012 г., № 89.



4 Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности в Республике Казахстан. – А.: Жеті жарғы, 2001.

5 Данилина Е.А., Чернейко Л.О. Слово о товарном знаке: правовой и лингвистический аспекты. – М.: Патент, 2009.

6 Орлова В.В. Правовое регулирование средств индивидуализации в Российской Федерации. – М.: Патент, 2004.

7 Таймерденова А., Есенжолов С. Порядок регистрации товарных знаков в Казахстане // Интеллектуальная собственность Казахстана, 2006, № 1, с. 17.